

FTAXP 06.71.07
ЭОЖ 330:336.14
JEL Q01. Q14

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-4-49-61>

ЖУНУСОВА Р.М.,^{1*}

Э.Ф.К., доцент.

*e-mail: ubs_51@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0018-8424

АХМЕТОВА Д.Т.,¹

Э.Ф.К., доцент.

e-mail: dinra09@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6107-6565

УТИБАЕВА Г.Б.,¹

Э.Ф.К., қауымдастырылған профессор.

e-mail: gulzhan_79@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6799-0502

ӘБДІҒҰЛ Г.Қ.,¹

докторант.

e-mail: zhaukanai_ak@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-8216-4695

С. Сейфуллин атындағы

¹Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,

Астана қ., Қазақстан

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕК АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ НЕСИЕ СЕРІКТЕСТІГІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада ауыл шаруашылығы өндірісін қаржылық қолдау үшін ресурстарды шоғырландырудың әр түрлі тәсілдері қолданатыны атап өтілген. Тәжірибеде ауылдық несиелік серіктестері кіретін «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-ның несиелік жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Мақалада несиелік серіктестіктер арқылы ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетудің мәселелері қарастырылып, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді несиелендірудің жағдайы баяндалған. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірістік және қаржылық қызметінің нәтижелері арасындағы, атап айтқанда «Целиноградское» Несиелік серіктестік» ЖШС-нен алынған несиелер көлемімен «Ен-Дала» ЖШС-нің өзара байланысы көрсетілген. Экономикалық тұрғыдан ауыл шаруашылығының жалпы өнім өндірудің өсуін қамтамасыз ету кәсіпорындарды несиелік қамтамасыз етумен байланысты. Қарастырылған серіктестіктің делдалдық қызметі бірнеше жылдық динамикада қатысушы саны, бағыттар бойынша берілген несиелердің көлемі, оларды қайтару көрсеткіштері негізінде талданып, оның қызметінің оң нәтижесі ретінде динамикада ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге берілетін несиелер көлемінің өсу тенденциясы анықталған. Ал, несиелік серіктестіктің қызметінің тиімділігі қатысушылардың алған несиелері арқылы өздерінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін жақсартуымен дәлелденген. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді несиелік серіктестіктер арқылы несиелендіру механизмін әрі қарай дамыту, сол серіктестік мүшелерінің өндірістік және қаржылық қызметтерінің нәтижелері мен олардың көлемдерін есепке ала отырып іске асыруы, яғни несиелерді ең алдымен ойдағыдай іс-әрекет жүргізуші кәсіпорындар алуы тиіс.

Тірек сөздер: мемлекеттік қаржылық институттар, несиелік серіктестер, қаржылық қолдау, ауыл шаруашылық тауар өндірушілер, несиелендіру, субсидиялау, іс-әрекет тиімділігі, салыстырмалы бағалау.

Кіріспе

Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы өндірісіне республикалық, жергілікті бюджеттерден және бюджеттен тыс көздерден тікелей және жанама қаржылық қолдау көрсетілетіні баршаға аян. Сондай-ақ тұрақты мемлекеттік қаржылық қолдаудың қажеттілігі ауыл шаруашылығы өндірісінің маусымдық сипатына, табиғи-климаттық жағдайларға жоғары тәуелділікке,

тұрақты кіріс алуға тәуекелдерге және ауыл шаруашылығы өнімдерін жұмсалған шығындар мен кірістер арасындағы айтарлықтай уақыт алшақтығына байланысты.

Көрсетілген факторлар, сондай-ақ басқа да бірқатар объективті себептер, сайып келгенде, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігіне және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қажетті рентабельділік деңгейін сақтай алмайтындығына әкеледі. Осыған байланысты мемлекет тарапынан қаржылық қолдау – аграрлық саясаттың қажетті құралы және маңызды құрамдас бөлігі.

Ауыл шаруашылығы өндірісін қаржылық қолдау үшін мемлекеттік және коммерциялық құрылымдар ресурстарды жұмылдырудың әртүрлі әдістерін қолданады. Олар тек қана қосымша қаржы-несие ресурстарын беру шарттары мен субъектілері бойынша өзара негізінен бір-бірінен айырмашылығы бар несие және сақтандыру жүйесі арқылы тәжірибеде жүзеге асырылады. Бұл ретте коммерциялық, тауарлық және банктік несиелерді, инвестицияларды, лизинг пен факторингті, сондай-ақ вексельдік несиелеуді, несиелік кооперацияны, сақтандыру жүйесін қамтамасыз ету тетіктері қолданылады [1, 2].

Алайда, қазіргі уақытта агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қаржылық реттеудің қолданыстағы жүйесінің жағдайы, әсіресе жиі қолданылатын субсидиялар, дотациялар мен өтемақылар әлі де болса экономикалық көрсеткіштерге айтарлықтай әсер етпейтіндіктен, олардың жеткіліксіз тиімділігін көрсетеді. Олардың үлесі азайып, біразы облыстық деңгейге ауыстырылады. Осылайша, республикалық бюджетте тек минералды тыңайтқыштарды сатып алуға жұмсалған шығындардың және химиялық өсімдіктерді қорғау құралдарының бір бөлігін өтеу қарастырылған.

Сонымен қатар, қаржылық қолдаудың көлемінің өсу қарқыны және жалпы өнімнің өсу қарқынының арақатынасының индексі бойынша, яғни мұндай қолдаудың тиімділік деңгейін сипаттайтын көрсеткіш ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қаржыландыру және несиелеу әлі де тиімсіз болып қалып отыр.

Экономикалық әдебиеттерде экономиканың аграрлық секторының көптеген зерттеушілері бүкіл қаржылық қолдау жүйесі қызмет ететін қағидаттарға үлкен көңіл бөледі.

Көптеген қағидаттардың ішінде бірқатар ғалымдардың пікірінше, мемлекет қаржысын тиімді және ұтымды пайдалану; қаржылық көмектің бағдарламалық-мақсаттық сипаты; тікелей және жанама мемлекеттік қолдау құралдарының оңтайлы үлесін анықтау; республикалық шараларды саралау және аймақтық қолдау есептелінеді [5, 6].

Ғылыми жарияланымдардың мазмұнын зерделеу жүріп жатқан жаһандану процестері ауыл шаруашылығын қаржыландырудың бағыттары мен нәтижелерін теориялық, әдіснамалық және практикалық тұрғыдан түсіну жағынан жаңа сұрақтар туғызатынын атап өтуге мүмкіндік береді [7, 8].

Басқа да белгілі қаржыгерлер айтылған қағидаттарды келесі мазмұнмен толықтыруды ұсынады: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасындағы айырбастың баламалылығын қамтамасыз ету; тікелей ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден түсетін табыстардың теңдігі мен реттелуі; индикативті және директивті тәсілдерді қолдану [9].

Экономикалық әдебиеттерді зерттеу, ең маңызды қағидаттардың бірі – ең алдымен ұлттық, мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді есепке алу екенін көрсетті.

Басқа да маңызды қағидаттарға мемлекеттік қолдаудың үздіксіздігі, ғылыми негізділігі, кешенді сипаты, сондай-ақ мемлекет тарапынан тиімді қаржылық қолдау көрсетуден экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерге қол жеткізу жатады.

Әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің қаражатын пайдалана отырып, қаржылық көмек көрсету шараларын саралау сияқты тағы бір маңызды қағидатты атап өту қажет [10]. Осыларды жүзеге асыру қағидаты аймақтардың мүдделерін, олардың ерекшеліктерін ескере отырып, саланы басқару деңгейлері арасындағы функцияларды нақты бөлуді қарастырады, бұл ретте әлі де тәжірибелік мүмкіндіктер жеткіліксіз.

Дегенмен, қазіргі жағдайда жұмыс істейтін қаржы құралдары мен ықпал ету тұтқалары әлі де болса аграрлық сектордың тұрақты өсуі мен дамуын қамтамасыз ете алмайды. Ең алдымен, мемлекеттік қаржылық қолдаудың негізгі нысаны болып табылатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жеңілдетілген несиелеу жүйесі туралы айту қажет. Мұндай қолдау қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелерді пайдалану үшін субсидияланған пайыздық мөлшерлеме болып табылады [11].

Ауыл шаруашылығы субъектілері атап өткендей, мемлекеттік тарапынан субсидиялар әлі де жеткіліксіз. Сонымен қатар, субсидия беру шарттарын да әлі де болса жетілдіру қажет.

Осылайша, аграрлық сектордың өсуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қаржылық қолдаудың жаңа нысандары, түрлері мен бағыттары қажет және де қолданыстағы қаржы құралдары мен тұтқаларын жетілдіру керек. Сонымен бірге бұл мәселелерді шешу жолдарын өңірлік деңгейде анықтау қажет. Бұл аймақтық деңгейде, мемлекет тарапынан тиімді қаржылық қолдау көрсету ерекшеліктері мен жергілікті жағдайларға бағдарлануы тиіс.

Материалдар мен әдістер

Бастапқы материалдар ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жеңілдікпен несиелеу және ауыл шаруашылығы өндірісі мен материалдық-техникалық ресурстарды субсидиялау сияқты негізгі нысандарды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын Қазақстан экономикасының аграрлық секторын мемлекеттік қаржылық қолдаудың қазіргі заманғы жүйесі болып табылады.

Қаржылық қолдаудың бұл нысандары мақалада «Целиноградское» Несиелік серіктестігі ЖШС қызметінің мысалында бірқатар жылдардағы нақты деректерді пайдалана отырып қарастырылды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қызметін талдауға арналған материалдар мен бастапқы деректер Кредиттік серіктестік (әрі қарай КС) арқылы қаржыландырылатын кәсіпорындардың бірқатар жылдардағы негізгі экономикалық көрсеткіштері.

Объектілердің жай-күйі мен қызметтерінің тиімділігін зерттеу кезінде КС есебінен қаржыландырылатын ауыл шаруашылығы бөлімшелерінің өндірістік-қаржылық қызметін және кредиттік серіктестіктің өзінің қызметін өзара салыстыру динамикасы, экономикалық және статистикалық әдістері, абстрактілі-логикалық әдістер мен нәтижелерді талдау және жалпылау әдістерге негізделген салыстырмалы бағалау әдісі қолданылды.

Аграрлық секторға мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылық көмек мемлекеттік реттеудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Мемлекет тарапынан мұндай қолдау ауыл шаруашылығының өсуін қамтамасыз ету мақсатында оның дамуына экономикалық әсер етудің әртүрлі құралдары мен формаларының жиынтығын қамтиды. Экономикалық әдебиеттерде авторлардың көпшілігі аграрлық секторды мемлекеттік қолдау түсінігін ауыл шаруашылығы кәсіпорындары тегін негізде немесе мемлекеттен жеңілдетілген шарттарда тікелей алатын қаржылық ресурстар мен экономикалық тиімділіктердің жиынтығымен байланыстырады [3, 4]. Дамыған елдерде аграрлық бағалар мен фермерлердің кірістері қадағаланады. Ол үшін, мысалы, ЕО елдерінде мамандандырылған шаруашылықтар бойынша өндіріс шығындары, ал АҚШ-да өндіріс бойынша шығындар бақыланады. Осыны негізге ала отырып, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қаржылық көмек көрсету немесе қолдау қазіргі кезеңдегі мемлекет қызметінің негізгі бағыттарының бірі деген қорытынды жасауға болады.

Тауар өндірушілерге тікелей тиімді қаржылық қолдау көрсету үшін мемлекет ең алдымен нақты міндеттер мен оларды шешудің бағыттарын белгілеуі қажет; моделін негіздеу және мемлекеттік аграрлық саясаттың басымдықтарын анықтау және ықпал ету әдістері мен формалары, жүйесі түріндегі қаржылық көмектің экономикалық механизмін әзірлеу керек.

Мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылық көмектің негізгі нысаны ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге қажетті шикізат пен материалдардың қымбат түрлерін сатып алу үшін әртүрлі субсидиялар беру, сондай-ақ олардың инвестициялық несиеленуін субсидиялау болып табылады. Осындай субсидиялар және несиелер әр түрлі қаржылық институттар, оның ішінде несиелік серіктестіктер арқылы беріледі.

Жанама қолдауға келетін болсақ, ол мемлекет тарапынан оның қажеттіліктері үшін азық-түлік пен ауыл шаруашылығы шикізатын сатып алу, экономикалық мүдделерді қорғау және экспортты қолдауды қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығына мемлекеттік жанама қолдау көрсету, осы салада бизнесті жүргізу үшін қолайлы ұйымдық-экономикалық жағдайлар жасауға ықпал ететін бірқатар шараларды қамтиды. Кейбір жанама мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бюджетке, бюджеттен тыс қорларға, шикізатты жеткізушілерге төлемдер бойынша берешегін қайта құрылымдауға байланысты іс-шараларды қамтуы тиіс; «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ және т.б. сияқты қаржы институттарының жарғылық капиталын бюджет қаражаты есебінен толықтырады.

Соңғы жылдары мемлекет аграрлық сектордағы ғылымды дамытуға белсенді түрде қолдау көрсетуде. Осы қолдау желісі арқылы саланың мүддесін қамтамасыз ету мақсатында сатып алу бағасы, ауыл шаруашылығы өнімдерінің импорты мен экспорты реттеледі, жеңілдіктер белгіленеді, сонымен қатар бірқатар шектеулер мен тыйымдар белгіленеді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан Республикасында 2001 ж. бастап «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ, ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне негізінен несиелік серіктестер арқылы қаржылық қолдау көрсететін даму институты болып табылады. Егер 2017 ж. берілген несиенің жалпы сомасы 160 млрд теңгеден асса, 2022 ж. 726 млрд теңгеге жетті. 2022 ж. 2021 ж. салыстырғанда активтер 1,3 ретке, меншікті капитал 1,5 ретке өскен немесе 1013,6 млрд теңге және 404,3 млрд теңге құраған, 34%-дан жоғары немесе 11,5 млрд теңге таза пайда алынған.

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-да ауыл тұрғындарына жеңілдетілген несиелер берудің тиімді құралдарының бірі ауылдық жерлердің 98%-ын қамтитын несиелік серіктестерді қаржыландыру болып табылады. КС қаражатының басым бөлігі «Кең дала», «Агробизнес» және «Іскер» бағдарламалары аясында бөлінген.

«Кең дала» негізгі бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен АӨК субъектілері көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге несиеленеді. Осы бағдарлама бойынша қаржы ұйымдарын несиелеудің белгіленген мерзімі – келесі жылдың көктемінің басына дейін жылдық 1,5% сыйақы мөлшерлемесі бойынша, жылдық 1,5%-дан басталатын тиімді сыйақы мөлшерлемесімен жүзеге асырылады. 2022 ж. осы бағдарлама шеңберінде 4,0 мыңнан астам фермер жалпы сомасы 140 млрд теңге құрайтын жеңілдетілген кредиттер алды, ал тұқым себілген егіс алаңдарының ауданы 5,1 млн гектардан асты.

«Агробизнес» бағдарламасы – кредиттік серіктестерге, ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге айналым қаражатын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға, оның ішінде объектілерді жаңғыртуға, құрылыс-монтаждау жұмыстарына және реконструкциялауға несиеленеді. 2022 ж. 3 906 фермерге 171,1 млрд теңге несиеленді. Осы қаражатқа 51,9 мыңнан астам ірі қара мал басы, 176,2 мың бас ұсақ мал, 73 мың жылқы, 1,6 мың түйе және 3,5 мыңға жуық бірлік ауылшаруашылық техникасы мен жабдықтары сатып алынды.

«Іскер» бағдарламасы – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және өндеуге; ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ет, сүт және жеміс-көкөніс өнімдері бойынша сервистік-дайындау қызметтерін ұйымдастыруға, ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығы емес бизнесті дамытуды несиелеу. Осы бағдарлама бойынша 2022 ж. 45,6 млрд теңге сомасына қарыздар берілді.

Сонымен қатар, көптеген бағыттар мемлекет тарапынан субсидияланады. Осылайша, несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер келесідей субсидияланады:

- ◆ айналым құралдарын толықтыруға мемлекет 5% мөлшерімен субсидиялайды, егер жылдық мөлшерлеме 17% болса (соның ішінде КС маржасы 4%-дан аспайтын), онда соңғы қарыз алушы тек 12% төлейді;

- ◆ техникалар және негізгі құралдарды сатып алуға мемлекет тарапынан 10% субсидияланады, яғни жылдық 14% мөлшерлеменен, соңғы қарыз алушы 4% ғана төлейді

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-ның негізгі қызметі әр түрлі қарыз алушыларға несиелер беру, яғни кірістің 99% осы қызмет түрінен алады [12]. Оны 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 – «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-ның кірістерінің динамикасы, млрд теңге

Көрсеткіштер	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Кірістер, барлығы	37,2	55,2	69,6	78,3	118	151,2
оның ішінде						
Негізгі қызметтен түскен кірістер	37	55	69,6	78,3	118	151,2
басқа да операциялық кірістер	0,2	0,2	-	-		-
Ескертпе: АҚ-ның қаржылық есептілігі негізінде авторлар құрастырған.						

1-кесте мәліметтерінен АҚ-ның кірістері жылдар бойынша өскенін байқауға болады, яғни 2018 ж. 37,2 млрд теңге болса, 2023 ж. 151,2 млрд теңгеге немесе 4,1 есе өскен, ал 2023 ж. 2022 ж. салыстырсақ кірістер 27,9%-ға өскен. Кірістердің жалпы сомасы 99,5–100% негізгі қызметтен, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарынан немесе әр түрлі қарыз алушыларға берілген несиелерден алынған.

Жалпы алғанда АҚ дамудың оң динамикасын қадағалап, ауыл шаруашылық өндірістік кешенінің субъектілерін қаржыландырудың қолжетімділігін қамтамасыз етіп, несиелік серіктестіктер жүйесінің дамуына үлес қосып отыр. Осындай несие серіктестіктерінің бірі – «Целиноградское» Несиелік серіктестік» ЖШС.

«Целиноградское» Несиелік серіктестік» атты жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығы бойынша 2003 ж. 18 желтоқсандағы № 641, әділет органдарында 2004 ж. 1 наурыздағы № 15698-1901-ЖШС ретінде ұйымдастырылған. 2005 ж. КС құрамына «Аграрлық несие Корпорациясы» АҚ-мен бірге, Целиноград ауданының 23 ауыл шаруашылығы құрылымдары кірді. КС жарғылық капиталы 55,4 млн теңге сомасында қалыптасты, оның ішінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ үлесі 8,7 млн теңге немесе 15,6%-ды құрады.

«Целиноградское» Несиелік серіктестік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметі Жарғымен және қатысушылардың жалпы жиналысында бекітілген ережелермен жүзеге асырылады және реттеледі. Жарғыға сәйкес қатысушылардың жалпы жиналысы КС Басқармасының, несиелік комитеттің және аудитордың жеке құрамын бекітеді. Бүгінгі таңда «Целиноградское» Несиелік серіктестік» ЖШС дамуында айтарлықтай өзгерістер бар, мәселен, ол құрылған кезде тек 23 шаруа қожалығы ғана қатысушы болып, несиелендіру лимиті 99 млн теңгеден сәл артық болды, ал 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КС қатысушыларының саны – 56, оның 28-і заңды тұлғалар, 28-і заңды тұлға құрмайтын жеке тұлғалар (ЖТ/ШҚ). КС жарғылық капиталы 368 263 242 теңге сомасында қалыптасты [12]. Жыл ішінде жалпы сомасы 4 393 519 371 теңгеге 73 займ берілді, жоспар бойынша 2 234 898 943 теңге болатын, яғни жоспардан тыс 96,6%-ға орындалды.

Несиелік серіктестіктің 2004–2022 жж. аралығында жұмыс істеген кезеңінде 31 444 825 054 теңге сомасында несие ресурстары берілді. Өтелген несие ресурстары 22 060 319 603 теңге. 2022 ж. барлығы 2 838 141 012 теңге несие ресурстары қайтарылды. Несие берудің барлық кезеңінде ЖШС қатысушылары 8 436 293 298 теңгеге негізгі құралдар, оның ішінде 2022 ж. шаруа қожалықтары 1 067 728 104 теңгеге негізгі құралдар сатып алды.

Енді Ақмола облысы «Целиноградское» Кредиттік серіктестік» ЖШС қызметінің дамуы мен нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге толығырақ тоқталайық (2-кесте).

Кесте 2 – «Целиноградское» Несиелік серіктестік» ЖШС қызметінің қаржылық нәтижелері, мың теңге

Көрсеткіштер	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	Өзгерістердің тізбекті қарқыны, %	
					2022 ж.	2023 ж.
Барлық қаржыландыру кірісі	506 683	631 726	802 969	935 753	127,1	116,5
Барлық қаржыландыру шығындары	491 287	619 088	780 794	848 387	126,1	108,7
Жалғастырылған қызметтен алынған кезеңдегі пайда (залал)	15 396	12 638	22 175	87 366	175,5	3,9 есе
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	4 113	3 314	5 430	14 276	163,9	2,6 есе
Кезеңдегі жалпы пайда (жалпы шығын)	11 283	9 324	16 745	73 090	179,6	4,4 есе
Ескертпе: ЖШС-нің қаржылық есептілігі негізінде авторлар құрастырған.						

2-кесте мәліметтері бойынша 2023 ж. 2022 ж. салыстырғанда барлық қаржыландыру кірісі 132 784 мың теңгеге немесе 16,5 пайызға, қаржыландыру шығындары 67 593 мың теңгеге немесе 8,7 пайызға өскен. Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар 8 846 мың теңгеге немесе 2,6 есе өскен. 2022 ж. ЖШС-тің қаржыландыру шығындары 26,1 пайызға өскен, ал 2023 ж. қаржыландыру шығындары 8,7 пайызға өскенмен кезеңдегі таза пайда 3,9 есе өскен, оның негізгі факторы серіктестіктің әкімшілік шығындарының жыл сайынғы айтарлықтай төмендеуі болып табылады деп қорытынды жасауға болады.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне берілген несиелер мен займдар көлемінің динамикасын қарастырайық (3-кесте). Айта кету керек, кредиттік желілерді ашу туралы шешімдер жыл сайын қатысушылар мен өтініш берушілер ұсынған несиелеу жобалары негізінде серіктестіктің кредиттік комитетінің отырысында қабылданады.

Кесте 3 – «Целиноградское» Несиелік серіктестігі» ЖШС ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін несиелендіру және берілген субсидия көлемі, млн теңге

Көрсеткіштер	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
Несие алған КС қатысушыларының саны	56	54	54	56	60
Берілген несиелер, барлығы	2 550,8	3 639,4	3 307	4 393,6	5 272,3
оның ішінде					
айналым қаражатын толықтыруға арналған несиелер	1 478	2 404	1 255	3 165	3 798,0
негізгі қорларды сатып алуға және басқа мақсаттарға арналған несиелер	1 072,8	1 235,4	2 052	1 228,6	1 474,3
Орташа алғанда бір қатысушыға берілген несие	45,6	67,4	61,2	78,5	87,9
Несиелік ресурстарды қайтару	1 217,9	1 120,4	1 633,8	3 288	3 945,6
несиені өтеу, %	47,7	30,8	49,4	74,8	74,8
Алынған субсидиялар	205,2	229,2	311,0	487,7	585,2
Аударылған субсидиялар	203,2	229,0	309,6	487,5	585,1
Бюджетке қайтарылған субсидиялар	2,0	0,2	1,4	0,2	0,1
Бюджетке қайтарылған субсидиялар, %	1,0	0,1	0,4	0,03	0,02
Ескертпе: ЖШС-нің қаржылық есептілігі негізінде авторлар құрастырған.					

3-кестеде келтірілген ауылшаруашылық тауар өндірушілерін несиелендірудің жай-күйі туралы деректер 1 қатысушыға шаққандағы берілген несиелердің орташа мөлшерлемесіне қарағанда, қарастырылып отырған кезеңде жалпы алғанда несиелеу көлемі оң динамиканың байқалатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, несие алушылардың саны мен олардың жалпы көлемі жыл сайын өзгеріп отырады. Мәселен, 2019 ж. берілген несие көлемі 2550,8 млн теңге болса, 2023 ж. бұл сома 5 272,3 млн теңгені құраған. 2023 ж. 2022 ж. салыстырсақ несиеге қатысушылардың, яғни несие алушылардың саны 7,1 пайызға өскен, ал берілген несиелер 19,9 пайызға айналым қаражатын толықтыруға арналған несиелер 20 пайызға өскен, ал негізгі қорларды сатып алуға және басқа мақсаттарға арналған несиелер 20 пайызға азайған. Орташа алғанда бір қатысушыға берілген несие 16,4 пайызға, ал несиелік ресурстарды қайтару 20 пайызға артқан.

Бұл «Целиноградское» Несиелік серіктестігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің дамуының және оның қызметінің тиімділігінің дәлелі. Берілген несиелерді өтеу бойынша да қанағаттанарлық көрініс қалыптасты, өйткені несиені өтеу деңгейі айтарлықтай жоғары.

Берілген несиелердің құрылымын оларды пайдалану бағыттары бойынша бағалайтын болсақ, онда 2022 ж. жалпы көлемнің 72%-ы айналым қаражатын толықтыруға, ал қалған 28%-ы негізгі капиталды сатып алуға және басқа да мақсаттарға алынған. 2021 ж. деңгеймен салыстырғанда негізгі капиталды сатып алуға берілген несиелер үлесінің шамалы өсуі байқалады (сол жылы бұл мақсаттарға 38% және 62% алынған).

Дегенмен, жалпы алғанда инвестицияның төмен үлесі бар екенін атап өтеміз, яғни бұл ұзақ мерзімді несиелердің әлі де шағын үлесі бар дегенді білдіреді. Негізінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өз активтерін ұлғайту үшін несиелік ресурстардың көбірек көлемін бағыттауы олардың одан әрі дамуына ықпал етер еді, бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өткізу көлемін ұлғайту, технологияны жетілдіру және қызмет бағыттарын кеңейту үшін қажетті негізгі қорларды жаңартуды көрсетеді [13]. Серіктестіктің «Инвестиция салу кезінде ауыл шаруашылығы субъектілері шеккен шығындардың бір бөлігін өтеуді субсидиялау» бағдарламасын жүзеге асыруға қатысқаны туралы айта кеткен жөн болар еді. Бұл бағдарлама ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтар паркін жаңартуды ынталандыруға бағытталған. Мәселен, бағдарламаны жүзеге асыру кезеңінде 7 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер жалпы сомасы 34 785 280 теңге субсидия алды.

Осы бағдарламамен қатар КС алынған займдар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау бағдарламасын жүзеге асыруда. Несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялаудың, сондай-ақ технологиялық жабдықтар мен ауыл шаруашылығы техникасын лизингке берудің негізгі мақсаты ауыл шаруашылығы субъектілеріне қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру болып табылады.

3-кестедегі деректер 2019 ж. қорытындысы бойынша алынған субсидиялардың жалпы сомасы 205,2 млн теңгені құраса, КС қарыз алушыларына аударылғаны – 203,2 млн теңгені құрағанын көрсетеді. Субсидияланған несиелер мерзімінен бұрын өтелуіне байланысты 2,0 млн теңге айырма бюджетке қайтарылды.

2020 ж. субсидиялар көлемі 2019 ж. деңгейден 11,7% асып, 229,2 млн теңгені құрады, бюджетке 0,16 млн теңге қайтарылды.

2021 ж. субсидиялар көлемі 2020 ж. деңгейден 35,7%-ға асып, 311 млн теңгені құрады, 309,6 млн теңге немесе 99,6% аударылды, демек, субсидиялардың бюджетке қайтарылу пайызы 35,2%-ға өсті.

2022 ж. субсидия көлемі 2021 ж. деңгейден 56,8%-ға асып, 487,7 млн теңгені құрады, 487,5 млн теңге аударылды, бюджетке 0,15 млн теңге қайтарылды. Бюджетке субсидия қайтарымы 35,2%-ға өсті.

2023 ж. субсидия көлемі 2022 ж. деңгейден 19,2%-ға асып, 585,2 млн теңгені құрады, 585,1 млн теңге аударылды, бюджетке 0,1 млн теңге қайтарылды. Бюджетке субсидия қайтарымы 20%-ға өсті.

Талдау ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге берілген несиелердің көлемі және алынған несиелер бойынша субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесі несиелік серіктестікке қатысушылардың көпшілігінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік бергенін көрсетті. КС-нің барлық қатысушылары өсімдік шаруашылығы өнімдерін (астық және мал азықтық дақылдарды өсіру), мал шаруашылығын (ет-сүт), сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеумен (ұн, макарон, қымыз, сүт және ашытылған сүт өнімдерін) өндірумен және сатумен (жартылай фабрикаттар) айналысады.

«Целиноградское» Несиелік серіктестігі» ЖШС бес жылдық кезеңдегі қызметін талдау, несие серіктестігі республиканың барлық ауылдық несиелік серіктестіктер сияқты ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тікелей несиелеуге атсалысатынын қорытындылауға мүмкіндік береді. Бұл ретте несиелік серіктестік өз қызметінің нәтижесінде өз активтерін, меншікті және заемдық капиталын пайдалану бойынша табыстылық коэффициенттерінің жеткілікті жоғары деңгейін, сондай-ақ өз шығындары бойынша табыстылықтың қолайлы деңгейін қамтамасыз етеді.

Басқаша айтқанда, несиелік серіктестіктер республикалық бюджеттен бөлінген несие ресурстарын бөлуде делдалдық көмек көрсете отырып, өзінің қаржылық тұрақтылығын және қызметінің тиімділігін көрсетеді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге берілетін несиелердің көлемін ұлғайту және алынған несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау арқылы серіктестік несиелік серіктестікке қатысушылардың көпшілігінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштерінің айтарлықтай жақсаруына ықпал етеді [15, 16].

Алынған несиелерді пайдалану тиімділігінің деңгейін, ең бастысы, олардың ауыл шаруашылығының жалпы өнімін өндіруге қалай әсер еткенін серіктестікке қатысушылардың бірі, атап айтқанда, негізгі өндіріс «Ен-Дала» ЖШС қызметінің нәтижелері және экономикалық көрсеткіштері бойынша бағалауға болады (4-кесте).

Ең алдымен, бұл кәсіпорынның өндірістік-қаржылық қызметінде нәтижеге жету үшін жыл сайын қысқа мерзімді несиелер тартып отырғанын атап өту қажет. Сонымен бірге, «Целиноградское» Несиелік серіктестік» ЖШС бұл кәсіпорынға өзінің меншікті қаражаттары есебінен «Сенім» бағдарлама арқылы қосымша несие бөліп отырады.

Кесте 4 – «Ен-Дала» ЖШС-нің өндірістік қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2021 ж.		2022 ж.		2023 ж.		Өзгерістердің тізбекті қарқыны, %			
	бидай	арпа	бидай	арпа	бидай	арпа	2022 ж.		2023 ж.	
							бидай	арпа	бидай	арпа
Егістік алқабы, га	9 063	2 457	9 289	3 803	10 000	2 804	102,5	154,8	107,7	73,7
Өнімділік, ц/га	8,1	8,5	9,2	10,4	5	5	113,6	122,4	54,3	48,1
Жалпы өнім, т	7 867	2 091	10 335	3 944	5 000	1 402	131,4	188,6	48,4	35,5
Өткізу көлемі, т	10 332	692	10 844	3 287	7 227	57	105,0	4,7 есе	66,6	1,7
1 тонна астықтың өзіндік құны, тг	103 236	94 495	96 971	62 976	162 538	148 971	93,9	66,6	167,6	2,3 есе
1 тонна астықтың сату бағасы, тг	97 962	96 497	117 145	96 914	80 939	103 603	119,6	100,4	69,1	106,9
Барлық өткізілген өнімнің өзіндік құны, мың тг	1 066 634	65 391	1 051 554	207 002	1 174 618	8 521	98,6	3,2 есе	111,7	4,1
Кіріс, мың тг	1 012 139	66 776	1 270 325	318 557	584 927	5 926	125,5	4,8 есе	46,0	1,9
Қаржылық нәтиже, мың тг	-54 495	1 385	218 771	111 554	-589 691	-2595	-	80,5 есе	-	-

Ескертпе: «Ен-Дала» ЖШС-нің қаржылық есептілігі негізінде авторлар құрастырған.

4-кестедегі деректер 2021 ж. қоспағанда бидай сатудан 55 млн теңгеге жуық шығынды құраған, осы саладағы ЖШС қызметі тиімді екенін көрсетеді [13]. Бұл 1 тонна бидайдың өзіндік құнының (103 236 теңге) сату бағасынан (97 962 мың теңге) асып кетуіне байланысты болды. 2022 ж. 218 771 мың теңге көлемінде пайда алынды. 2023 ж. пайданың төмендеуін бидай өндіру шығындарының 67,6%-ға өсуі ғана түсіндіреді. Сонымен қатар, бидай өнімділігі – 45,7%-ға, оның жалпы өнімі – 51,6%-ға, осыдан сату – 33,4%-ға күрт төмендеді. Мұндай көрсеткіштердің төмендеуіне қарамастан, ЖШС қызметі табыспен сипатталады.

2022 ж. арпаға арналған егістік алқабы 1,5 есеге және оның өнімділігі 22,4%-ға өскен, ал жалпы өнім көлемі 1,9 есеге ұлғайған. Кәсіпорынның мұндай қадамын оңынан бағалауға болады, өйткені қаржылық нәтиже осы өнім түрінен көбірек түскен. Арпа бұл кәсіпорынға мал шаруашылығын дамытуға жем-азық ретінде қажет. Сондықтан, егістік алқаптың көлемін бидайдан гөрі арпаны өсіруге арнаған дұрыс болады деп есептейміз.

5-кестеде «Ен-Дала» ЖШС қызметінің қаржылық нәтижесі келтірілген.

5-кестеден 2022 ж. 2021 ж. салыстырғанда өнімді өткізуден түскен түсім 68,7%, ал шығындар көлемі 5,4% өскен, сол себептен жалпы пайда көлемі 3,3 есеге өсіп, 1,5 млрд теңгеден астам құраған. Бірақта, таза пайда көлемі 2,9 есеге өскен, себебі қаржыландыру шығындары 36,4% артып отыр. Оның өсу факторы ретінде алынған несиелердің пайыздық мөлшерінің жоғары деңгейі болуын айтуға болады. Сонымен қатар, бөлініп отырған субсидиялар көлемінің азаюын да (19,3%) ескеруге болады.

Кесте 5 – «Ен-Дала» ЖШС қызметінің қаржылық нәтижесі, мың теңге

Көрсеткіштер	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	Өзгерістердің тізбекті қарқыны, %	
				2022 ж.	2023 ж.
Өнімді өткізуден түскен түсім	1 674 892	2 824 769,2	1 641 534,6	168,7	58,1
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	1 216 781	1 282 163,0	1 325 043,9	105,4	103,3
Жалпы пайда	458 111	1 542 606,2	316 490,7	3,3 есе	20,5
Қаржыландырудан түскен табыс	1411	11370,9	3564,0	8,1 есе	31,3
Басқа да табыс	573 068	462 586,0	488 099,0	80,7	105,5
Өнімді өткізу шығындары	37 841	8 467,4	2 615,0	22,4	30,9
Әкімшілік шығындар	195 680	273 510,7	193 726,0	139,8	70,8
Қаржыландыру шығындары	260 098	354 902,0	370 706,0	136,4	104,5
Басқа да шығындар	91 977	149 716,2	87 735,0	162,8	58,6
Жалғастырылған қызметтен алынған кезеңдегі пайда	446 995	1 229 966,8	153 371,7	2,7 есе	12,5
Салық салуға дейінгі пайда (залал).	446 995	1 229 966,8	153 371,7	2,7 есе	12,5
КТС шығыстары	33 410	22 202,0	27 158,8	66,5	122,3
Кезеңдегі жалпы пайда (зиян)	413 584	1 207 764,8	126 212,9	2,9 есе	10,5
Ескертпе: «Ен-Дала»ЖШС-нің қаржылық есептілігі негізінде авторлар құрастырған.					

Қорытынды

Қорытындылай келе, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның негізгі қызметі әр түрлі қарыз алушыларға несие беру, яғни оның кірісінің 99% осы қызмет түрінен алынады.

АҚ-ның талданып отырған мерзімдегі кіріс көлемі 3 еседен артық өскен, сол себептен және ауыл шаруашылығындағы қазіргі экономикалық жағдайды ескере отырып, біздің ойымызша, беріліп отырған несиелердің пайыздық мөлшерлемелерін біршама төмендету қажет.

Тағы бір айтып кететін жәйт – ол осындай қаржылық институттарға көрсетіп отырған қызметтеріне тек қана қысқа мерзімді несиелер беру ғана емес, осыған қоса ұзақ мерзімді несиелердің үлес салмағын ұлғайту қажет.

Ал енді несиелерді пайдалану тиімділігін қарасақ, мысалы, жеке шаруа қожалықтарының бірі, атап айтқанда, «Ен-Дала» ЖШС дамуындағы прогрессивті жетістіктер жалпы алғанда несие тартудың тиімділігін көрсетеді деп айта аламыз.

Мұндай кәсіпорындардың тәжірибесі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге берілетін қаржы-несиелік ресурстардың басқа да жағдайларды ескере отырып, өнім көлемінің өсуіне ықпал ететінін дәлелдеуге негіз береді.

Қаржылық көмек ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қызмет етуінде де, қаржылық қолдауында да қиын жағдайларға қарамастан берулері мүмкін. Оның үстіне, талдау көрсеткендей, бұл шаруашылықтардың жұмыс істеуін ұйымдастыру тәжірибесінде материалдық шығындардың салыстырмалы түрде жоғары болуының мысалдары бар екенін байқаймыз. Сол себептен, шетел тәжірибесіне сүйене отырып аграрлық бағалар мен фермерлердің кірістерін қадағалаған жөн деп санаймыз.

Дегенмен, соған қарамастан ресурстарды ұтымды пайдалану, мұндай кәсіпорындарда ұйымдастыру мен басқарудың жоғары деңгейі мен өндірістің жоғары деңгейін және өндірілген өнімнің төмен құнын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, «Целиноградское» «Несиелік серіктестігі» ЖШС-нен несиені негізгі алушылар ауыл шаруашылығы өнімдерінің, әсіресе өсімдік шаруашылығында оның өсімін қамтамасыз еткен ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары екенін атап өтеміз. Бірақ, шаруа қожалықтарының несие, әсіресе ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға ұзақ мерзімді

несие алу мүмкіндігі әлі жоқ, өйткені алынған несиелерді қамтамасыз ету бойынша қол жеткізілген өндірістік көрсеткіштер айтарлықтай төмен болып отыр.

Осыны негізге ала отырып, біздің ойымызша, біріншіден, ауыл шаруашылығы субъектілерін несиелік серіктестіктер жүйесі арқылы несиелендіру тетігін одан әрі дамыту өндірістік-қаржылық қызметтің көлемі мен нәтижелеріне байланысты болуы тиіс. Екіншіден, ауыл шаруашылығы субъектілерінің шаруашылық жүргізу құқығындағы серіктестіктердің даму келешегін ескере отырып жүзеге асыру қажет. Басқаша айтқанда, несиені ең алдымен табысты жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кәсіпорындары алуы керек.

Меншік пен шаруашылық жүргізудің барлық нысандарындағы ауыл шаруашылығы құрылымдарын қамту, біз көріп отырғандай, агроөнеркәсіп кешеніндегі кәсіпорындардың ағымдағы және инвестициялық қызметін қаржыландырудың қосымша көздері арқылы мүмкін болады. Осы көздердің бірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен инвестицияланған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізушілердің өтімділігін арттырудың және қаржылық тәуекелін төмендетудің тиімді нысанына байланысты факторингтік операцияларды дамыту болуы мүмкін.

Ауыл шаруашылығы субъектілері үшін факторингтік операциялардың негізгі бөлігін, көріп отырғанымыздай, мемлекеттің қатысуымен құрылған арнайы қаржы институты – мамандандырылған ауыл шаруашылығы банкі жүйесі арқылы жүзеге асыруға болар еді. Мұндай институттар капиталы мен операцияларының көлемі бойынша ірі банктердің қатарына кіретін әлемнің көптеген елдерінде табысты жұмыс істейді. Мысалы, Голландиядағы Rabobank, Германиядағы Raiffeisen Bank, Франциядағы Credit Agricole Bank, American Farm Credit System [17].

Ірі мамандандырылған ауыл шаруашылығы банкінің болуы, ең алдымен, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің негізгі капиталын толықтыруға бағытталған ұзақ мерзімді инвестициялық несиелендіруді жеңілдететін еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Попова О.В., Сидорин А.А. Развитие методологических подходов к прямой государственной поддержке аграрных товаропроизводителей // Экономика и предпринимательство. – 2015. – С. 1134–1139.
- 2 Сигарев М.И., Нуркужаев З.М., Нурғалиева Р.О., Алшембаева Л.Т. Механизм государственной поддержки сельскохозяйственного производства в странах единого экономического пространства // Biosciences Biotechnology Research Asia. – 2015. – № 12(2). – С. 1287–1296.
- 3 Тажибаева Р.М. Государственная поддержка аграрного сектора Казахстана // Проблемы агро-рынка. – 2021. – № 1. – С. 44–50.
- 4 Сигарев М.И., Нарынбаева А.С. Совершенствование государственной поддержки сельскохозяйственного производства в условиях интеграции стран ЕАЭС // Вестник Омского университета. Серия «Экономика». – 2017. – № 2(58). – С. 155–164.
- 5 Неганова В.П., Дудник А.В. Совершенствование государственной поддержки АПК региона // Экономика региона. – 2018. – Т. 14. – Вып. 2. – С. 651–662.
- 6 Денисов В.И. Ускорение развития аграрного сектора экономики России на основе повышения эффективности государственной поддержки сельских товаропроизводителей // Проблемы прогнозирования. – 2019. – № 1. – С. 95–105.
- 7 Кудрявцев А.А. Проблемы программно-целевого планирования и финансирования бюджетных инвестиций // Финансы и кредит. – 2019. – № 9(345). – С. 29–35.
- 8 Полонский В.В. Финансирование государственных программ – задача специализированного института развития // Белорусский экономический журнал. – 2018. – № 4. – С. 104–110.
- 9 Аймурзина Б.Т., Каменова М.Ж., Батай М. Роль аграрного сектора Казахстана в обеспечении продовольственной безопасности // Проблемы агро-рынка. – 2019. – № 2. – С. 20–27.
- 10 Рахметова А., Калкабаева Г., Курманалина А., Серикова Г., Аймурзина Б. Финансово-кредитный и инновационный секторы экономики: оценка макроэкономических эффектов регулирования взаимодействия секторов // Проблемы предпринимательства и устойчивого развития. – 2020. – № 8(1). – С. 1224–1237.

- 11 Сигарев М.И., Кантарбаева С.М., Мейманкулова З.З. и др. Кредитование сельскохозяйственно-го производства в Казахстане // *Life Science Journal*. 2014. No. 11 (9 спец. выпуск). P. 299–302.
- 12 Официальный сайт Аграрной кредитной корпорации. URL: [https:// agrokredit.kz](https://agrokredit.kz)
- 13 Официальный сайт ТОО «Кредитное товарищество «Целиноградское». URL: <https://statsnet.co/companies/kz/25578515>
- 14 Aimurzina B., Kamenova M., Omarova A., Karipova A., Auelbekova A. The economic nature of financial leverage of agricultural production // *Journal of Applied Economic Sciences*. 2018. Volume 13. Issue 8. P. 2394–2405.
- 15 Финансовая отчетность ТОО «Ен Дала» за 2020–2022 гг.
- 16 Lukhmanova G. Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan // *Revista Espacios*. 2019. No. 32. P. 6.
- 17 Байкадамов Н.Т. и др. Меры государственной поддержки агропромышленного производства Республики Казахстан // *Проблемы агрорынка*. – 2020. – № 3. – С. 51–59.

REFERENCES

- 1 Popova O.V., Sidorin A.A. (2015) Razvitie metodologicheskikh podhodov k prjamoj gosudarstvennoj pod-derzhke agrarnyh tovaroproizvoditelej // *Jekonomika i predprinimatel'stvo*. P. 1134–1139. (In Russian).
- 2 Sigarev M.I., Nurkuzhaev Z.M., Nurgalieva R.O., Alshembaeva L.T. (2015) Mehanizm gosudarstvennoj podderzhki sel'skhozjajstvennogo proizvodstva v stranah edinogo jekonomicheskogo prostranstva // *Biosciences Biotechnology Research Asia*. No. 12(2). P. 1287–1296. (In Russian).
- 3 Tazhibaeva R.M. (2021) Gosudarstvennaja podderzhka agrarnogo sektora Kazahstana // *Problemy agro-rynka*. No. 1. P. 44–50. (In Russian).
- 4 Sigarev M.I., Narynbaeva A.S. (2017) Sovershenstvovanie gosudarstvennoj podderzhki sel'sko-hozjajstvennogo proizvodstva v uslovijah integracii stran EAJeS // *Vestnik Omskogo universiteta. Serija «Jekonomika»*. No. 2(58). P. 155–164. (In Russian).
- 5 Neganova V.P., Dudnik A.V. (2018) Sovershenstvovanie gosudarstvennoj podderzhki APK regiona // *Jekonomika regiona*. V. 14. Vyp. 2. P. 651–662. (In Russian).
- 6 Denisov V.I. (2019) Uskorenie razvitija agrarnogo sektora jekonomiki Rossii na osnove povyshenijajeffektivnosti gosudarstvennoj podderzhki sel'skih tovaroproizvoditelej // *Problemy progno-zirovanija*. No. 1. P. 95–105. (In Russian).
- 7 Kudrjavcev A.A. (2019) Problemy programmno-celevogo planirovanija i finansirovanija bjudzhetnyh investicij // *Finansy i kredit*. No. 9(345). P. 29–35. (In Russian).
- 8 Polonskij V.V. (2018) Finansirovanie gosudarstvennyh programm – zadacha specializirovannogo instituta razvitija // *Belorusskij jekonomicheskij zhurnal*. No. 4. P. 104–110. (In Russian).
- 9 Ajmurzina B.T., Kamenova M.Zh., Bataj M. (2019) Rol' agrarnogo sektora Kazahstana v obespechenii prodovol'stvennoj bezopasnosti // *Problemy agrorynka*. No. 2. P. 20–27. (In Russian).
- 10 Rahmetova A., Kalkabaeva G., Kurmanalina A., Serikova G., Ajmurzina B. (2020) Finansovo-kreditnyj i innovacionnyj sektory jekonomiki: ocenka makrojekonomicheskikh jeffektov regulirovanija ivzaimodejstvija sektorov // *Problemy predprinimatel'stva i ustojchivogo razvitija*. No. 8(1). P. 1224–1237. (In Russian).
- 11 Sigarev M.I., Kantarbaeva S.M., Mejmankulova Z.Z. i dr. (2014) Kreditovanie sel'skhozjajstvennogo proizvodstva v Kazahstane // *Life Science Journal*. No. 11 (9 spec. vypusk). P. 299–302. (In Russian).
- 12 Oficial'nyj sajt Agrarnoj kreditnoj korporacii. URL: <https:// agrokredit.kz>. (In Russian).
- 13 Oficial'nyj sajt ТОО «Kreditnoe tovarishhestvo «Celinogradskoe». URL: <https://statsnet.co/companies/kz/25578515>. (In Russian).
- 14 Aimurzina B., Kamenova M., Omarova A., Karipova A., Auelbekova A. (2018) The economic nature of financial leverage of agricultural production // *Journal of Applied Economic Sciences*. . Volume 13. Issue 8. P. 2394–2405. (In English).
- 15 Finansovaja otchetnost' ТОО «En Dala» за 2020–2022 гг. (In Russian).
- 16 Lukhmanova G. (2019) Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan // *Revista Espacios*. No. 32. P. 6. (In English).
- 17 Bajkadamov N.T. i dr. (2020) Mery gosudarstvennoj podderzhki agropromyshlennogo proizvodstva Respubliki Kazahstan // *Problemy agrorynka*. No. 3. P. 51–59. (In Russian).

ЖУНУСОВА Р.М.,*¹

к.э.н., доцент.

*e-mail: ubs_51@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0018-8424

АХМЕТОВА Д.Т.,¹

к.э.н., доцент.

e-mail: dinra09@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6107-6565

УТИБАЕВА Г.Б.,¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: gulzhan_79@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6799-0502

АБДИГУЛ Г.Қ.,¹

докторант.

e-mail: zhaukanai_ak@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-8216-4695

¹Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПОЛУЧАТЕЛЕЙ ФИНАНСОВОЙ ПОМОЩИ И СЕЛЬСКИХ КРЕДИТНЫХ ТОВАРИЩЕСТВ

Аннотация

В статье отмечено, что для финансовой поддержки сельскохозяйственного производства используются различные способы мобилизации ресурсов. Они реализуются на практике через систему кредитования по линии АО «Аграрная кредитная корпорация», в состав которой входят сельские кредитные товарищества. В статье рассмотрены вопросы государственной финансовой поддержки сельхозтоваропроизводителей посредством их кредитования через сельские кредитные товарищества. Показана взаимосвязь результатов производственной и финансовой деятельности сельхозформирований и кредитного товарищества, обоснованная приведенными конкретными данными участников, которые за счет полученных кредитов улучшили свои производственные и финансовые показатели. Изучена эффективность деятельности кредитных товариществ (КТ) на примере ТОО «КТ «Целиноградское», которое предоставляет услуги кредитования и субсидирования по ставкам вознаграждения значительно ниже рыночных. Отмечена результативность деятельности кредитного товарищества, которая обеспечивается ежегодным мониторингом со стороны КТ целевого использования банковских кредитов и займов, финансового состояния субъекта хозяйствования, а также их залогового обеспечения. Обобщено, что КТ, оказывая посредническую помощь в распределении кредитных ресурсов, выделенных из республиканского бюджета, в целом показывают свою финансовую устойчивость и эффективность деятельности. Вместе с тем, увеличивая объемы выданных кредитов сельхозтоваропроизводителям, субсидируя ставки вознаграждения по полученным займам, КТ способствуют значительному улучшению показателей производственной и финансовой деятельности большинства участников кредитных товариществ.

Ключевые слова: государственные финансовые институты, кредитные товарищества, финансовая поддержка, сельхозтоваропроизводители, кредитование, субсидирование, эффективность деятельности, сравнительная оценка.

ZHUNUSOVA R.M.,*¹

c.e.s., associate professor.

*e-mail: ubs_51@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0018-8424

AKHMETOVA D.T.,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: dinra09@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6107-6565

UTIBAEVA G.B.,¹

c.e.s., associate professor.

e-mail: gulzhan_79@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6799-0502

ABDIGUL G.K.,¹

PhD student.

e-mail: zhaukanai_ak@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-8216-4695

¹Kazakh Agrotechnical Research
University named after S. Seifullin,
Astana, Kazakhstan

EFFECTIVENESS OF ACTIVITIES OF FINANCIAL ASSISTANCE RECIPIENTS AND RURAL CREDIT PARTNERSHIP

Abstract

The article notes that various methods of resource mobilization are used to financially support agricultural production. They are mainly implemented in practice through the lending system through JSC Agrarian Credit Corporation, which includes rural credit partnerships. The article discusses issues of state financial support for agricultural producers through their lending through rural credit partnerships. The relationship between the results of production and financial activities of agricultural entities and the credit partnership is shown, justified by the specific data provided by the participants who, through the loans received, improved their production and financial performance. The efficiency of the activities of credit partnerships (CPs) was studied using the example of CT Tselinogradskoye LLP, which provides lending and subsidizing services at interest rates significantly lower than market ones. The effectiveness of the credit partnership's activities is noted, which is ensured by annual monitoring by the CT of the targeted use of bank loans and borrowings, the financial condition of the business entity, as well as their collateral. It is generalized that CTs, by providing intermediary assistance in the distribution of credit resources allocated from the republican budget, generally demonstrate their financial stability and the effectiveness of their activities. At the same time, by increasing the volume of loans issued to agricultural producers and subsidizing interest rates on loans received, credit unions contribute to a significant improvement in the production and financial performance of the majority of participants in credit partnerships.

Key words: state financial institutions, credit associations, financial support, agricultural producers, crediting, subsidizing, efficiency of activity, comparative assessment.

Article submission date: 03.01.2024